



*Қызылорда облысы*

*Жаңақорған кенті*

*№163 орта мектеп*

***Тақырыбы:***

***Өнерлі бала сүйкімді***

***3”в” – сынып***

***Пән мұғалімі: Г.Корпебаева***

***Өзін - өзі тану пәні***





**Мектеп №163**

**Мерзімі: 12.02.2014 жыл**

**№ 21 сабақ**

**Тақырыбы: Өнерлі бала сүйкімді**

**Құндылық: Дұрыс іс - әрекет**

**Қасиеттер: еңбекқорлық,  
ізденімпаздық, өнерсүйгіштік**

**Мұғалім: Корпебаева Гүлжан**

**Сынып: 3в**

**Оқушы саны: \_\_\_\_\_**



**Мақсаты**

өнердің адам өміріндегі  
маңыздылығын  
түсіндіру;

өнерге  
қызығушылықтарын,  
сүйіспеншіліктерін  
дамыту;

өнерпаздыққа, өнерді,  
сұлулықты сүюге  
тәрбиелеу;

**Міндеттері**

Н  
Д  
Ы  
Л  
Ы  
Қ  
Р  
Е


Е  
Г  
І  
М



## Сабақтың барысы:

### I. Ұйымдастыру кезеңі (1-мин)

Алдын – ала тапсырылған 5 затты қарап шығу арқылы балаларды тексеріп шығамын. (*кітап, дәптер, қалам салғыш, ақ парақ, оқушының есімдері жазылған парақша*)



# ТЫНЫШТЫҚ СӘТІ

*Баяу әуен қосылып тұрады. Балалар денемізді тік ұстап, ыңғайланып отырамыз. Қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Көзімізді жұмамыз. Тыныштық бар жерде... Тыныштық бар әлемде... Көз алдарыңда көк шалғынды дала. Жұмсақ самал есіп тұр. Аспанда күн нұрын ерекше төгіп, сенің маңдайыңнан өтіп жүрегіңе құйылды. Нұрға бөленген жүрегің жаңа ашылған гүлдей сүйіспеншілік қауызын ашады. Сүйіспеншілікке толы жүректен күннің нұры сенің аяғыңа түседі. сенің аяғың тек жақсы жерлермен ғана жүру үшін. Аяғыңнан күннің нұры қолыңа барды, тек жақсыны ғана ұстау үшін, Күннің нұры қолыңнан аузыңа барды, жақсыны ғана айту үшін. Аузыңнан күннің нұры құлағыңа барды, тек жақсыны есту үшін. Күннің нұры құлағыңнан көзіңе барды, тек жақсыны көру үшін. Сенің бүкіл тұла бойың сүйіспеншілік нұрына бөленді. Осы сезімімізбен біраз уақыт өз жан дүниемізге үңіліп жақсы ойға шомайық.*

*Көзімізді ептеп ашамыз.*

*-Кім өзінің әсерімен бөліскісі келеді?*

# Үй тапсырмасы

Үйге тапсырма ретінде алдын – ала келесі сабақтың мәтіні оқып келуге беріледі. Сол бойынша оқушылардан оқып келуге берілген Қ.Қайымовтың «Ақын деген кім?» атты мәтінін үй тапсырмасы ретінде сұраймын және мәтін бойынша талдау жүргіземін.

Әңгіме не туралы баяндалған?

Өнерлі адамның бойында қандай қасиеттер болады деп ойлайсындар?

Өздерің қандай өнер түрін қалар едіңдер?

Балалар жауаптары тыңдалады.



# Дәйексөз

«Өнерлінің қолы алтын,  
Өлеңшінің сөзі алтын»

Мақал



- **Мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?**
  - **Өнерлінің қолы шынында да алтын болады ма? Ол қай мағынада айтылған?**
- Мақалдың мағынасын түсіндіремін.  
Балалар дәйексөзді жаттап алады.**





# Оңтүмелеу (мұғалімнің сыйлығы)



Оқушыларға интерактивті тақтадан «Өнер күші» атты мультфильмді көрсетемін. Мультфильмді көрсету арқылы өнердің құндылығын бойларына дарытамын.

- Өнердің күші қалай көрінді?
- Өз өнерінің арқасында Алдар көсе өзінің досына қалай көмектесті?
- Өнер адамды қандай биікке жеткізеді деп ойлайсындар?
- «Өнерлінің қолы алтын» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіндер?  
(Оқушылар жауабын тыңдау, қорытынды шығаруға сұрақтар қою арқылы көмектесу)



**Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс.**  
*«Мен өнерлі баламын» тақырыбында  
еркін тақырыпта сурет салуды  
тапсырма ретінде беремін. Балалар  
суреттерін салып болған соң оны жария  
етеді.*



# ҮІІ.Топпен ән айту

«Болайықшы осындай» әнін хормен айту.

Жақсы бала еңбекшіл,

Ер азамат болады.

Қиындықты жеңіп кіл,

Құшағы гүлге толады.

*Қ/сы Еңбекшіл осындай*

*Болайықшы, досым – ай!*

Таза бала мұнтаздай,

Сүйсінеді қараған,

Ұқыпты деп бұл қандай,

Жақсы көрер бар адам.

*Қ/сы Еңбекшіл осындай*

*Болайықшы, досым – ай!*



## ҮШ. Үй тапсырмасы

Үйге келесі сабақта берілген 22 – сабақ  
«Ақыл - жастан, асыл – тастан»  
тақырыбындағы «Жиренше шешен  
мен Қарашаш сұлу» аңыз әңгімесін  
оқып, түсініп келуге беремін.





# СОҢҒЫ ТЫНЫШТЫҚ СӘТІ



**Баяу әуен қосылады. Балалар денемізді тік ұстап, еркін отырамыз. Қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Көзімізді жұмамыз. Балалар бүгінгі сабағымызды есімізге түсірейікші. Біз бүгін не білдік, не үйрендік сол туралы ойланайық. Жақсы ойларымызды жүрегімізде сақтайық. Әрқашан жақсылықта, амандықта болайық.**

